

Оспан Әлібаев атындағы жалпы білім беретін психологиялық қызметінің жұмыс істеу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-25) тармақшасына сәйкес әзірленді және орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің (бұдан әрі - психологиялық қызмет), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 25. 08. 2022 жылғы № 377 бұйрығына сәйкес жұмыс істеу тәртібін айқындайды. 2. Психологиялық қызмет білім алушылар мен тәрбиеленуші

2. Мектептің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайлары бойынша мектептің алқалы органы болып табылады.

3. Психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сақтау және нығайтуға бағытталған.

3 . Психологиялық қызметтің жұмысы :

1. бастауыш білім беру деңгейінде – әрбір білім алушының бейімделуі және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру кезінде танымдық және оқу уәждемесін, дербестігін және өзін-өзі реттеуді дамытуда қолдау көрсету;

2. негізгі орта білім беру деңгейінде - оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің танымдық және оқу іс-әрекетін дамыту, жеке және құндылық-мағыналық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану міндеттерін шешуде қолдау көрсету, танымдық процестерге тұрақтылықты қалыптастыру;

3. жалпы орта білім беру деңгейінде – білім алушы мен тәрбиеленушіге өзін-өзі анықтауға және жеке сәйкестілікке, бейінді бағдарлануға көмек көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, орнықты дүниетанымды қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

Психологиялық қызметтің жұмысын мектеп басшысы қамтамасыз етеді.

4. Психологиялық қызметтің құрылымы, мамандар құрамы, жылдық жоспары орта білім беру ұйымдарының типімен, түрімен және міндеттерімен айқындалады.

5. Мектептегі психологиялық қызметтің құрамына білім беру ұйымы басшысының (директордың) орынбасары, педагог–психолог (штаттық кестеге сәйкес), әлеуметтік педагог кіреді.

Психологиялық қызметтің құрамы мектеп ұйымы басшысының бұйрығымен реттеледі және бекітіледі.

Сынып жетекшілері, тәрбиешілер, пән мұғалімдері, медицина қызметкерлері білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне қатысады және лауазымдық міндеттеріне сәйкес ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимыл жасайды.

6. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мамандардың лауазымдық міндеттері «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

2 . Оспан Әлібаев атындағы жалпы білім беретін мектебіндегі психологиялық қызметтің жұмыс істеу тәртібі

7 . Психологиялық қызметтің жұмыс істеу тәртібі :

1. бақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерден, ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдер мен педагогтерден (бұдан әрі - білім беру процесіне қатысушылар) келіп түскен ауызша немесе жазбаша өтініштер (сұрау салулар) талдау арқылы білім алушыларды оқытудағы, дамыту мен тәрбиелеудегі қиындықтарды анықтау;
2. білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жеке немесе топтық әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
3. білім алушылар және тәрбиеленушілермен, педагогтармен және ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимылдың интерактивті нысандарын қоса алғанда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды, педагогикалық кеңестер, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру және өткізу;
4. әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық өзара іс-қимылын жүзеге асыру;
5. білім алушылар мен тәрбиеленушілердің табысты әлеуметтенуі, кәсіби бағыттылығын, бейіндік оқу траекториясы мен жеке білім беру кеңістігін саналы таңдауына жағдай жасауды қамтиды.

8 . Психологиялық қызметтің жұмысы :

1. кәсіптік әдепті сақтауды;
2. баланың жеке басына эмпатия және құрмет көрсетуді;
3. білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке және жас ерекшеліктерін;
4. психологиялық және педагогикалық білімді интеграциялауды;
5. баланың құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, ақпараттың құпиялылығын;

6. білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің, педагогтердің денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіру мүмкіндігін болғызбауды;
7. білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру процесінде сүйемелдеудің ғылыми, кешенділігін, бірізділігін, кезенділігін және үздіксіздігін ескере отырып жүзеге асырылады.

9. Педагог-психолог өз қызметін диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1. диагностикалық бағыт оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесінде, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындауда әлеуетті мүмкіндіктерін айқындауды, сондай-ақ оқытудағы, дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтауды көздейді.
2. консультациялық бағыт білім беру процесіне қатысушыларға көмек көрсету нысанында: олардың туындаған қиындықтардың табиғатын немесе себептерін түсінуінде, психологиялық проблемаларды талдау мен шешуде, жеке ерекшеліктерін айқындауда, жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде игеруге жәрдемдесуде; жаңа көзқарастарды қалыптастыруда және өз шешімдерін қабылдауда көмек көрсету; әртүрлі психологиялық мәселелерді шешуде; білім беру процесіне қатысушыларға тұлғааралық қатынастардағы, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудағы қиындықтарға байланысты проблемаларды шешуде жеке және топтық қызметті көздейді;
3. дамытушы (түзету) бағыт білім алушылармен жаңа білімге, дағдылар мен икемдерге қатысты уәждемені қалыптастыру, оларды игеру мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметте өзін-өзі көрсете алу мүмкіндіктері бойынша жеке жұмысты көздейді. Диагностика процесінде анықталған оқу қиындықтары мен баланың мінез-құлқындағы проблема; педагог-психологтың пән педагогтерімен, әлеуметтік және арнайы педагогтармен кешенді өзара іс-қимылы негізінде оқу материалын меңгерудегі қиындықтарды жеңу, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психикалық және (немесе) физикалық жай-күйін түзету бойынша жұмысты ұйымдастыруды қамтиды ;
4. психологиялық-педагогикалық ағарту ісі білім алушылардың, педагогтердің жеке кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесуді; білім алушыларды оқытудағы, тәрбиелеу мен дамытудағы қиындықтарды болдырмау мақсатында алдағы уақытта алатын білімдерін одан әрі пайдалану үшін педагогтердің, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық білімге деген қажеттілігін қалыптастыруды және ұмтылысын қолдауды көздейді (сынып сағаттары, семинарлар, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кеңестер, ата-

аналар мен өзге де заңды өкілдер үшін интерактивті әдістер мен лекториялар өткізу);

5. ұйымдастыру-әдістемелік бағыт ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізуді көздейді: білім беру және дамыту ортасының жағдайына мониторинг жүргізу, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелерін талдау және оны сүйемелдеу бойынша ұсынымдар әзірлеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді сүйемелдеуде пәнаралық тәсілді әзірлеу; орта білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша отандық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерделеу, семинар-практикумдарға, конференцияларға қатысу; білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу технологияларын меңгеру бойынша семинарлар, тренингтер мен консультациялар ұйымдастыру және өткізуді көздейді.

10. Білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26618 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

11. Психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың қызметін ұйымдастыру үшін «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған кабинеттер беріледі.

12. Психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандар «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) сәйкес есепке алу құжаттамасын жүргізеді.

13. Білім алушылармен психологиялық диагностика, консультация беру және тренингтер (топтық, жеке) «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін

білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) 2-қосымшаға сәйкес ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің жазбаша келісімімен жүргізіледі .

14. Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандарға жүгіну кезінде:

1. білім алушы өз қалауы бойынша сынып жетекшісіне, педагог-психологқа, әлеуметтік педагогке, пән мұғаліміне, орта білім беру ұйымының әкімшілігіне өзінің жеке жағдайына, мінез-құлқына, оқыту, тәрбиелеу және дамыту процесінде өзіне қатысты туындайтын қиындықтарға, сондай-ақ оның әлеуметтік немесе психологиялық салауаттылығы мен денсаулығына зиян келтіретін, оның құқықтары мен мүдделерінің бұзылу жағдайына қатысты мәселе бойынша жазбаша не ауызша жүгінеді;
2. білім алушының өтінішін психологиялық қызмет мамандары тіркейді және қарайды;
3. педагог-психолог ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдерімен психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, консультация беру және түзету бойынша білім алушы мен тәрбиеленушінің психологиялық саулығын қалпына келтіру үшін қажетті психологиялық көмек көрсету және жүргізу кестесін, форматын жазбаша келіседі;
4. жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша педагог-психолог орын алған жағдайдың себебін анықтайды, психологиялық-педагогикалық қорытынды шығарады және ұсынымдар әзірлейді, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен бірлесіп, орта білім беру ұйымдарының бірінші басшысы бекітетін жеке жұмыс жоспарын дайындайды.
5. жеке жоспардың ұсынымдары мен бағдарламаларын орындау белгіленген кестеге сәйкес жүзеге асырылады;

15. Ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мамандарға жүгіну кезде:

1. ата-ана немесе өзге де заңды өкіл білім алушының психологиялық жай-күйі, оны оқыту, дамыту және тәрбиелеу процесіндегі мінез-құлқы мәселелері, бала-ата-ана қатынастарының проблемалары бойынша жазбаша немесе ауызша нысанда сынып жетекшісіне, педагог-психологқа, әлеуметтік педагогке, пән мұғаліміне, орта білім беру ұйымының әкімшілігіне өтініш жасайды;
2. ата-ана немесе баланың өзге де заңды өкілдерінің өтінішін психологиялық қызметтің мамандары тіркейді және қарайды;

3. психологиялық қызметтің мамандары сынып жетекшісімен бірлесіп жағдайды зерделейді, орта білім беру ұйымының басшысын хабардар етеді және психологиялық қызметтің негізгі жауапты маманын айқындайды;

4. алғашқы кездесуде педагог-психолог әңгімелесу жүргізеді, ата-ананы немесе өзге де заңды өкілді тыңдай отырып, білім алушының немесе тәрбиеленушінің жағдайы немесе мінез-құлқының пайда болу немесе өзгеру себептері туралы ұсынымды қалыптастырады, талап етілетін әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық диагностиканың, консультация берудің, түзетудің, қолдаудың немесе сүйемелдеудің нысандары мен әдістерін айқындайды;

5. психологиялық қызметтің мамандары әлеуметтік немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке жоспарын жасайды, оны орта білім беру ұйымының бірінші басшысы бекітеді;

6. әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке жоспары 2 данада жасалады, оны ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі жазбаша түрде куәландырады, олардың біреуі ата-анасына немесе өзге де заңды өкіліне беріледі, екіншісі орта білім беру ұйымында қалады;

7. психологиялық жағдайында немесе мінез-құлқында, құқықтық, әлеуметтік немесе отбасылық-тұрмыстық проблемалар тәуекелі анықталған кезде білім алушы немесе тәрбиеленуші тиісті бейіндегі мамандарға (денсаулық сақтау, ішкі істер, халықты әлеуметтік қорғау органдары мен ұйымдары, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия) консультацияға жіберіледі.

16. Педагогтердің психологиялық қызметтерге жүгіну кезіндегі іс-қимыл тәртібі:

1. орта білім беру ұйымдарының педагогтері білім алушылардың эмоционалды-еріктік, мінез-құлық тәуекелдері мен оқуы мен дамуында қиындықтар, сондай-ақ кәсіби тұрғыда шаршау кезінде өзіндік проблемалар анықталған кезде психологиялық қызмет маманына жазбаша немесе ауызша жүгінеді;

2. педагогтің өтінішін психологиялық қызмет мамандары тіркейді және қарайды;

3. психологиялық қызметтің мамандары жағдайды зерделейді, орта білім беру ұйымының басшысын хабардар етеді және ол психологиялық қызметтің негізгі жауапты маманын айқындайды;

4. психологиялық қызметтің маманы әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің нысандары мен әдістерін айқындайды.

17. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мамандар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары мен мүдделерін ескере отырып, алынған деректердің құпиялылығын сақтайды.

18. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педагогтер «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 10 тармақшасына сәйкес құқық қорғау органдарына және орта білім беру ұйымдарының басшылығына Қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қылмыстық әрекеттерді кәмелетке толмағандардың жасауы немесе оларға қатысты жасалу фактілері, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы және (немесе) орта білім беру ұйымдарынан тыс кәсіптік қызметпен байланысты өздеріне белгілі болған әрекеттер (әрекетсіздіктер) туралы уақтылы жазбаша немесе ауызша хабарлайды.

Гимназияның психологиялық-педагогикалық қызмет құрамының атқаратын міндеттері Гимназия директорының міндеті:

1. Жалпы білім беру ұйымының басшысы психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру туралы ережені шығарады және бекітеді, психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жөніндегі мамандардың құрамы мен міндеттерін бекітеді, педагогтер мен мамандардың кәсіби өсуі үшін пәнаралық негізіне жағдай жасайды.
2. Білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе ПМПК ұсынымы негізінде білім беру ұйымының басшысы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отырудың жеке бағдарламаларын, оның ішінде жеке оқу жоспарларын, жеке/бейімделген білім беру бағдарламаларын, мамандардың жеке дамыту бағдарламаларын, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) тізімін бекітеді.

Директордың орынбасарларының міндеті:

1. Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін бағалау процесін ұйымдастырады, білім беру қажеттіліктерін бағалау кезеңінде және тәрбиеленушілерді/білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесінде тәрбиешілер/педагогтер, мамандар және ата-аналардың өзара іс-қимылын реттейді, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды жүзеге асыратын мамандардың құжаттамасын жинау мен қалыптастыруды бақылау.
2. Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастырады және бақылайды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру жеке бағдарламасын жасауға, қолдап отырудың нәтижелерін, тәрбиеленушінің даму динамикасын, оқушының жетістіктерін талқылауда қатысады, мүмкіндігі шектеулі оқушыларды/білім алушыларды сабақтан тыс және бос уақытындағы іс-шараларға қосады, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) жеке қолдау процесінің тиімділігін арттыру

мақсатында білім беру ұйымында педагог-ассистенттерді ротациялауды жүзеге асырады.

Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің міндеті:

1. Сынып жетекшілері пән мұғалімдері мен ата-аналардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады, білім беру ұйымының әлеуметтік педагогтерімен бірлесе отырып баланың дамуының әлеуметтік жағдайын зерттейді, сабақ уақытында және сабақтан тыс уақытта қолайлы эмоционалдық-психологиялық климатқа жағдай жасайды.
2. Білім беру ұйымының тәрбиешілері білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруінде қиындықтарды анықтау мақсатында оқу жетістіктерін бақылайды, кәсіптік этиканы және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке ерекшеліктеріне байланысты құпиялылықты сақтайды, қажет болған жағдайда білім беру ұйымның психологтарынан, әлеуметтік педагогтерден немесе арнайы педагогтерден кеңес алады.
3. Білім беру ұйымының педагогтері оқу бағдарламаларын бейімдейді, оқу процесін дараландырады және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жетістіктерін бағалайды, білімдеріндегі, біліктеріндегі, дағдылардағы олқылықтарды толтырады, оқулықтарды, оқу материалдарды таңдайды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) даму жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастырады, физикалық, психикалық және моральдық денсаулығын сақтау мақсатында сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда эмоционалдық жайлылық атмосферасын құрады. **Педагог-психологтың міндеті:**

Педагогикалық -психологиялық сүйемелдеу жұмысында педагог-психологтар

1. Психодиагностика
2. Психопрофилактика
3. Психокоррекция
4. Психологиялық кеңестер
5. Психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізеді.

Әлеуметтік педагогтың міндеті:

1. Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторларды (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала-ата-ана және отбасы ішілік қарым-қатынастар) анықтайды.
2. Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері (әлеуметтік қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы, жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, кандастар және т.б. отбасылар) анықтайды.

3. Даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалдық-еріктік бұзылыстар) балаларды анықтайд

**2025-2026 оқу жылдарына арналған психологиялық қызметтің
ЖОСПАРЫ**

№	Атқарылатын іс-шаралар	Уақыты	Жас ерекшелігі	Жұмыс түрі	Мақсат-міндеттері мен әдіс-тәсілдері	Жауапты тұлғалар
		Тәуелсіздік және отаншылдық Бірлік және ынтымақ Әділдік және жауапкершілік Заң және тәртіп Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік Жасампаздық және жаңашылдық				
1	2024-2025 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жұмыс жоспарын құру	Тамыз		Жоспар	Оқу жылына психологиялық қызмет жұмыс бағдарламасын жасау	Директордың ТІЖЖ орынбасары, Әлеуметтік педагог Психолог, Медбике, Сынып жетекшілер
2	Республикалық «Мектепке жол» акциясы	Шілде, Тамыз, Қыркүйек	1-11 сыныптар	Акция	Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға материалдық қолдау көрсету	Директордың ТІЖЖ орынбасары, Қамқоршылық кеңес мүшелері, Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
3	Әлеуметтік көмек қажет ететін балаларды анықтауға бағытталған жұмыстар (Әлеуметтік паспорт)	Тамыз, Қыркүйек	1-11 сыныптар	Сауалнама және әлеуметтік паспорт жасау	Әлеуметтік қорғаусыз қалған балаларды анықтау, қолдау көрсету	Директордың ТІЖЖ орынбасары, әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
4	«Құндылыққа негізделген білім мен тәрбие»	Қыркүйек	Ата-аналар	Ата-аналарына арналған жиналыс	Жалпы мектеп ата-аналарын педагогикалық қолдау, отбасының бала тәрбиесінде	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары Сынып жетекшілер

					алатын орынын айқындау	
5	«Қауіпті топтағы» және тіркеуде тұрған оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру.	Қыркүйек	1-11 сыныптар	Анықтау	Оқушылардың қызығушылығы на қарай мектепшілік үйірмелерге баулу	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары Сынып жетекшілер
6	Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу отырысы	Айына 1 рет	1-11 сыныптар	Отырыс	Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу	Психологиялық қызмет
7	«Түнгі көшедегі балалар»	Қыркүйек	Ұстаздар	Рейд	Ауыл көшесін, сауда дүңгіршектері маңайын бақылау	Психологиялық қызмет
8	«Денсаулық фестивалі-2025»	Қыркүйек	1-11 сыныптар	Спорттық іс шаралар	Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері, Медбике, Сынып жетекшілер
9	«Қыздар арасында...»	Қазан	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	«Республикалық қыздар күні» мерекесі қарсаңында қыз балаларды әсемдікке баулу, мәдениетті болу ережелерін үйрету, жеке тұлға ретінде дамыту	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары Сынып жетекшілер мектеп медбикесі
10	«Бәріміз қауіпсіздік үшін	Қазан	1-11 сыныптар	Ақпараттық сағатуіпсізді гіне жа-		Психологиялық қызмет

11	Денсаулығына байланысты оқушылар тізімін іріктеу.	Жыл бойы	1-11-сыныптар	Анықтау	Оқушыларды денсаулығына қарай топтарға тіркеу	Директордың ТІЖЖ орынбасары Мектеп медбикесі Сынып жетекшілер
12	Суицидке бейімділікті анықтау әдістемесі	Қыркүйек-қараша	1-11-сынып	СБА жеке сауалнама	Суицидке бейімділікті анықтау әдістемесі (СБА жеке сауалнама)	психолог
13	«Қауіпсіз интернет» ақпараттық компаниясы аясында «Интернеттің пайдасы мен зияны»	Қазан	1-11-сынып	Психологиялық сағат.	Оқушылар арасында әлеуметтік желіні қолдану, пайдалану мәдениетін көтеру, насихаттау.	Директордың ТІЖЖ орынбасары Мектеп психологы
14	«Мейірімді жүрек»	Қазан	1-11-сынып	Мерекелік іс-шара	Аз қамтылған, көп балалы отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушыларды қолдау.	Директордың ТІЖЖ орынбасары, Әлеуметтік педагог
15	Мемлекеттік рәміздерге құрмет	Қазан	1-11-сынып	Сынып сағаттары	Оқушыларды патриоттық тұрғыда рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.	Директордың ТІЖЖ орынбасары. Сынып жетекшілер
16	Зиянды заттар мен әдеттерді алдын алу (ЖҚТБ, ПБЗ, алкоголизм, темекі, есірткі)	Жыл бойы	1-11-сынып	Психологиялық сағат, сынып сағаттар, тәрбиелік шаралар	Жасөспірімдер арасында зиянды заттар мен әдеттерді алдын алу мақсатында жүргізілетін жұмыстар	Психологиялық қызмет
17	Кәмелетке толмағандар арасында «Құқықтық жауапкершілік», «Әкімшілік жауапкершілік»	Қазан, Ақпан	3-11 сыныптар	Дәріс	Жасөспірімдер құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары	Директордың ТІЖЖ орынбасары Орталық полиция бөлімшесінің қызметкерлері

1 8	Оқушылардың жаңа оқу жағдайына бейімделуі	Қараша	1- сынып оқушылары	Сынып жетекшілері не арналған сауалнама	Бейімделуі нашар оқушыларды анықтау.	Психолог, Сынып жетекшілер
1 9	Педагогикалық консилиум «Бесінші сыныптың бейімделуі»	Қараша	Консилиум мүшелері	Консилиум	Бесінші сынып оқушыларының ортаңғы буынға қалыптасуын анықтау, қолдау көрсету	ПҚ мүшелері Пән мұғалімдері Сынып жетекшілер
2 0	«Қауіпті топтағы» және тіркеуде тұрған оқушылармен жұмыс	Жыл бойы	1-11 сыныптар	Әңгіме жүргізу, ата-аналарымен жұмыс	Оқушыларды қадағалау бағыт – бағдар беру.	Психологиялық қызмет
2 1	«Біз бақытты баламыз»	Қараша	8-11-сыныптар	Дөңгелек үстел	Жасөспірімдер арасында зорлық зомбылықтың алдын алу	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары Әлеуметтік педагог
2 2	«Еркін дем ал!»	Қараша	8-11-сыныптар	Челлендж	Салауатты өмір салтын насихаттау. Зиянды заттардың жасөспірімдер ағзасына әсерін айқындау	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары Салауатты өмір және спорт фракциясы
2 3	Темекі, электронды темекі, вейптің зияны	Қараша	5-11-сыныптар	Темекі, электронды темекі, вейптің зияны жасөспірімдердің денсаулығына зияны туралы түсіндіру, СӨС насихаттау	Темекі, электронды темекі, вейпке тәуелділіктің алдын-алу	Директордың ТІЖЖ орынбасары, аудандық бірінші медициналық-санитарлық көмек беру орталығының өкілі
24	«Біз жарқын болашаққа сенеміз!»	Желтоқсан	1-4-сыныптар	Іс-шара	Оқушыларды «Жасұлан» ұйымына қабылдау	Директордың ТІЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер

25	АҚТҚ алдын алу жолдары	Желтоқсан		Лекция, маманмен кездесу	Салауатты өмір салтын насихаттау. Зиянды заттардың жасөспірімдер ағзасына әсерін айқындау	Директордың ТІЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер
26	«Қауіпсіз ғаламтор» ақпараттық компаниясы аясында «Менің өмірімдегі ғаламтор»	Желтоқсан	8-11-сыныптар	Психологиялық сағат	Оқушылар арасында ғаламторды қолдану мәдениетін арттыру	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары Психологтар Сынып жетекшілер
27	«Діни экстремизм деген не?»	Желтоқсан	9-11 сыныптар	Дөңгелек үстел	Оқушылардың діни экстремизм туралы сана сезімдерін қалыптастыру, заң алдындағы жауапкершілігін арттыру туралы түсінік беру.	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары Құқық негіздері пәні мұғалімі
28	«Бала қауіпсіздігі басты міндет»	Желтоқсан	1-11 сыныптар Пед. Ұжым Ата-аналар	Кездесулер	Оқушылардың қауіпсіздігін арттыру, қоғамдық орындарда, ғимараттарда, қауіпсіздік ережелерін сақтау нұсқаулықтарын таныстыру	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары Сынып жетекшілер
29	«Зиянды заттардың зардабы»	желтоқсан	8-11 сыныптар	Маманмен кездесу	Салауатты өмір салтын насихаттау, жасөспірімдер арасында есірткінің алдын – алу.	Психологиялық қызмет
30	«Ата-ана және бала» Өлімжеттіліктен қорғау тақырындағы жұмыс	Қаңтар	8-10 сыныптар	Дөңгелек үстел	Жасөспірімдердің физикалық және психологиялық қызмет денсаулығын нығайту және	Психологиялық қызмет

31	«Қызым, саған айтамын...»	Қаңтар	8-11 сыныптар	Дөңгелек үстел	Жасөспірімдер арасында жыныстық тәрбие туралы түсініктерін дамыту	Психологиялық қызмет
32	Балалар мен жасөспірімдер арасындағы әлімжеттілік (зорлық-зомбылық) фактілерінің диагностикасы	Қаңтар	3-11 сыныптар	Сауалнама	Жасөспірімдер арасында зорлық—зомбылық, әлімжеттік факторларын болдырмау, алдын алу.	Психологиялық қызмет
33	Қамқорлыққа алынған және аз қамтылған отбасылардың үйлеріне бару.	Жыл бойы	Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар	Рейд жүргізу	Баланың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен танысу, отбасындағы жағымды қарым—қатынасты насихаттау.	Директордың ТІЖЖ орынбасары, Әлеуметтік педагог
34	«Әлімжеттілік әлсіздің ісі»	Ақпан	5-11 сыныптар	Лекция	Оқушылардың гимназияда, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстауы, құқық бұзушылықтың алдын алу.	Директордың ТІЖЖ орынбасары
35	«Ұлдар арасында...»	Ақпан	9-11 сыныптар	Дөңгелек үстел	Жасөспірімдер арасында жыныстық тәрбие туралы түсініктерін дамыту.	ПҚ мүшелері
36	«Әкем – асқар тауым»	Ақпан	4-6 сынып оқушыларының әкелері	Әкелер отырысы	Бала тәрбиесін-ПҚ мүшеде аса маңыздылері орын алатын әке тәрбиесінің маңыздылығын насихаттау	
37	«Оқушылардың ақпараттық қауіпсіздігі»	Ақпан	1-11 сынып ата-аналары	Ата – аналар жиналысы	Ата-аналармен бірлесіп, оқушылардың әлеуметтік желілерді пайдалану, қолдану	ПҚ мүшелері Сынып жетекшілер

					мәдениетін арттыру	
3	«Есірткі және оның зардаптары»	Наурыз	8-11 сыныптар	Маманмен кездесу	Салауатты өмір салтын насихаттау, жасөспірімдер арасында есірткінің алдын – алу.	Директордың ТІЖЖ Нашақорлықпен күрес департаменті мамандары
3 9	Кәмелетке толмағандар арасында «Құқықтық жауапкершілік», «әкімшілік жауапкершілік»	Наурыз	3-11 сыныптар	Лекция	Жасөспірімдер құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары	ПҚ мүшелері
4	Жасөспірімдер арасындағы әлімжеттілік (зорлық-зомбылық)	Қазан, Наурыз	5-11 сыныптар	Сауалнама	Жасөспірімдер арасында зорлық – зомбылық, әлімжеттік фактілерін болдырмау, алдын алу.	Директордың ТІЖЖ орынбасарлары
4	«Отбасы-тәрбиенің қайнар бұлағы»	Сәуір	1-11 сыныптар	Ата-аналар жиналысы. Сынып сағаттар.	Бала тәрбиесінде аса маңызды орын алатын отбасы тәрбиесінің маңыздылығы.	Директордың ТІЖЖ орынбасары, сынып жетекшілер
4 2	Педагогикалық консилиум «Төртінші сыныптың орта буынға дайындығы»	Сәуір	4-сыныптар	Топтық кеңес беру	Төртінші сынып оқушыларының ортаңғы буынға дайындығын анықтау, қолдау көрсету	Сынып жетекшілер, психолог, пән мұғалімдері
4 3	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.	Мамыр	1-11 сыныптар	Ұйымдастыру	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру, қызығушылығы, әлеуметтік жағдайына қарай қолдау көрсету	Директордың ТІЖЖ орынбасары, сынып жетекшілер

44	«Бала қауіпсіздігі- басты міндет»	мамыр	1-11- сыныптар	Кездесулер	Жазғы демалыс кезінде оқыс оқиғалардың алдын алу, қоғамдық орындарда, ғимараттарда, суда,қауіп сіздік ережелері н сақтау	Директордың ТІЖО, сынып жетекшілері
45	Психологиялық қызмет жұмысына талдау жасау.	Мамыр	Психология лық қызмет	Талдау	Психологиялық қызмет атқарылға н жұмыстар ына талдау.	